



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Біздің елімізде бұл жүйе енді-енді қолға алынып келе жатыр. Ең алғашқы Қазақстандағы Ислам банкі «әл-Хиләл» болды. Алдыңғы 2017 жылдың аяғында, Астана банкінің маңынан «әл-Сақр финанс» акционерлік қоғамы өзінің терезесін ашқан болатын. Біздің мемлекетіміз үшін бұның өзі біршама алдыға жылжу деп айтсақ болады. Енді алдағы уақыттарда дамытуды қолға алу керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Солдатова А. Феномен исламского финансирования: вчера, сегодня, завтра / А. Солдатова // Проблемы современной экономики. – 2012. – № 7. – С. 268–272.
2. Жданов С. Исламская экономика: ретроспективный анализ / С. Жданов // Финансовый бизнес. – 2000. – № 5. – С. 106–108.
3. Родни Уилсон. Исламский банкинг – шанс на будущее или угроза // Middle East Online. - [www.news.invictory.org](http://www.news.invictory.org). - 2007 жылғы 26 қаңтар
4. Подколзина И. Исламский банкинг: сущность и перспективы развития / И. Подколзина, Ш. Халидов // Проблемы экономики и менеджмента. – 2014. – № 1 (29).
5. Усмани М. Введение в Исламские финансы: основные отличия исламской экономики от капиталистической. - Астана, 2014. - 204 б.
6. [Электронный ресурс] // Ислам сегодня, 2014. – Режим доступа: <http://islam-today.ru/>
7. Attitudes to Islamic finance [Электронный ресурс] // Islamic Bank of Britain, 2014. – Режим доступа: <http://www.islamic-bank.com/useful-infotools/media/facts-figures>

ӘӨЖ 327(519.3:519.5)

### «КОРЕЙ ТҮБЕГІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК: РЕСЕЙ, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ МҮДДЕЛЕРІ»

Шакен Нурзат Ринатқызы

[nurzat.rinatovna@mail.ru](mailto:nurzat.rinatovna@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 4-курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Б.Ж.Абжаппарова

#### Кореяны біріктіру жолындағы КХДР мен КР-ның жасаған ұсыныстары

КСРО ыдырағанға дейін, Солтүстік Корея шиеленісті шешу үшін біршама жұмыстар атқарды. Бірақ КХДР-дің ұсыныстарын АҚШ пен Корея Республикасы қабылдамай тастады.

КХДР-дың ұсыныстары:

- КХДР екі Кореяның бейбіт бірігіп, соңында Корея республикасын құрып, оның өзі бейтарап мемлекет болуы керек, сонымен қатар ел “бір мемлекет екі жүйе” ретінде дамуы қажет делінген ұсыныс. Бұл терминді қазірдің өзінде Қытай Гонконгті қосып алудың алғышарты ретінде пайдаланған;
- 1984 жылы КХДР АҚШ пен Оңтүстік Кореямен қосылып үш жақты кездесу өткізуі.
- КХДР Корея түбегін ядролық аймақ ретінде қайта құру, Солтүстік пен Оңтүстіктің арналарын 1988-1991 жылдар аралығында 100 мың адамға дейін қысқарту ұсынысы болды [1].

КХДР-дың бұл барлық ұсыныстары, КСРО тарапынан әрқашанда қолдауға ие болып отырды. Бірақ, бұл ұсыныстардың қабыл болуы үшін, әлі де көп жұмыс жасау қажет екенін түсіну керек. Оған Оңтүстік пен Солтүстік арасында табиғи апаттардың салдары дәнекер бола алды. 1984 жылы күзде Оңтүстік Кореяда болған тайфун салдарынан болған апатта, Солтүстік Корея экономикалық көмек көрсетті. Бұл көмекті Сеул қабылдады. Артынша екі ел бөлінгеннен бері болмаған 200 адамдық делегациямен алмасты. Олардың ішінде, соғыс кесірінен айырылған жанұя мүшелері, әртістер, журналистер және тағы басқалар болды. 1984-1985 жылдар аралығында екі ел үкіметтерінің делегаттары кездесіп, экономикалық

байланыстарды жаңғырту шабуыл жасамау келісімінің алғышарттары, біріге қалған жағдайда Кореяның біртұтас атауы туралы мәселелер қаралды.

1988 жылы КХДР басшысы Ким Ир Сен өзінің жаңа жылдық баяндамасында, осы жылдық келісімге келу жылы, әскери жаттығулардан бас тарту, халықаралық конференция шақыру, сонымен қатар Оңтүстік пен Солтүстік үкіметтерінің бірігу мақсатымен мәселелерді шешу сияқты ұсыныстарды жүзеге асыруға шақырды.

АҚШ пен Жапонияның экономикалық көмегінің арқасында Оңтүстік Корея экономикасын дұрыс жолға қойып, дамыған елге айналды. Халықтың тұрмыс жағдайы жоғарылады. Ал Солтүстік Корея керісінше, КСРО ыдырағаннан кейін экономикасы төмендеп, халық тұрмысы нашарлап кетті. АҚШ Солтүстік Кореяны зұлымдық ошағы қатарына жатқызды, экономикалық қоршауға алды. Солтүстік Корея бұған жауап ретінде ядролық қаруды жасап шығаруды қолға алды.

Соғыс арқылы біртұтас Кореяға бірігу мүмкін емес екенін КХДР өзінің экономикалық және саяси ұстанымдарын нығайтқаннан кейін бейбіт бірігуге байланысты жалпы көзқарас ұстанды. Бірақ Пхеньян БҰҰ-ның Кореяның ішкі істеріне қатысуына қарсы болды. Ким Ир Сен ендігі жерде Оңтүстік Кореяда қуатты Коммунистік партия құруға байланысты өз жоспарын алға тартты. Мұны естіген Оңтүстік Кореядағы билік басындағылар коммунистерге байланысты қудалауды өршіте түті. Сонымен қатар Ким Ир Сен отанын біріктірудің екі жолына тоқталды:

- Біріншісі, КХДР-дағы демократияны, экономиканы және социализмді орнатуда қарқынды дамыта отырсақ Оңтүстіктің халқы өзінен-өзі ол жақтан американдықтардың кетуін тездетіп, бейбіт бірігуге талпынады деген ойын айтты.
- Екіншісі, бейбіт емес әскери жолмен бірігу.

Мұндағы көзқарас екі Кореядағы халықтарды әлемдік империализмге қарсы көтеру болып табылады. Кореяның бейбіт бірігуіне тек қана оңтүстіктегі жергілікті билікті АҚШ-тың ұстап отырған қуыршақ үкіметі екенін түсінгеннен кейін осындай бағыт ұстанды. Ал Американдық әскерлер Оңтүстік Кореядан кеткеннен кейін бейбіт бірігуге жол ашылады дегенге сенді Ким Ир Сен [2].

Ким Ир Сем сондай-ақ Отанды біріктірудің екінші жолы КХР халқы үшін тиімсіз болса да, керек болған жағдайда КХР басшылығы ол жолды таңдауы мүмкін дегенді баса айтты. Ким Ир Сеннің бұл сөзіне КСРО басшылығы былай деп баға берді: «Корей мәселесін шешу, Корей халқының өз еркі болуы керек, сол арқылы ғана бейбіт бірігуге жол ашылады». КХДР соғыстан кейін бірінші болып бейбіт бірігуі үшін төмендегідей ұсыныс жасады. Олар:

- Екі Корея да патриоттық бағыттағы саяси партиялардың біртұтас партиясын құру;
- Оңтүстік және Солтүстік Корея арасындағы теке-тірестік жағдайды жою;
- Бітім шартты тез арада бейбіт келісім шартына ауыстыру;
- Экономика, мәдениет, ғылым және өнер салаларында бір-бірімен тиімді келісімдерге келу;
- Жалпы Корейлік, оның ішінде заң шығарушы, үкіметаралық, саяси партиялардың өкілдерінің қатысуымен тұрақты құру;
- Корея мәселесін шешуде халықаралық конференция шақыру. Бұл конференцияға барлық әлем елдерін шақыру;

Бірақ бұл ұсыныстарды Оңтүстік Корея қабылдамай тастады. Сонымен қатар, КХДР тез арада оңтүстіктен шетел әскерін әкету керектігіне баса тоқталды. КХДР сондай-ақ екі Кореяның басқа мемлекеттермен соғыс одағын құруға мораторий жариялау керек деп санады. Ал Оңтүстік Кореяның АҚШ-пен Соғыс Одағы жайлы келісімін тоқтату керек деген ойда болды.

Оңтүстік Корея, КХДР– сы ұсыныстарын қабылдамағаннан кейін, өздерін Корея мәселесіне байланысты жаңа бағыттарын жария етті. Ол бойынша:

- Солтүстіктен Қытай әскерін шығару;
- Ким Ир Сеннің «қуыршақ» үкіметін билік басынан тайдыру;

- Осы арқылы біртұтас Кореяға бірігуді жүзеге асыру;

### **Екі Кореяның бірігуіне шет мемлекеттердің ықпалы**

1949 жылы тамызда КХДР - дағы Кеңес мемлекетінің елшісі Штыков Сталинге Солтүстік Кореялық шабуылға жол бермеу жөнінде өз ұстанымын жолдаған. Оның пікірі бойынша:

- Корея түбегінде екі бөлек Корея мемлекеті бар. Корея Республикасын АҚШ және тағы басқа батыс мемлекеттері таныды. Егер де, солтүстіктер бірінші болып шабуылдаса, американдықтар оңтүстіктерге көмектесуі мүмкін, бұл көмек тек ғана қару-жарақ берумен шектелмей, жапон әскерлерінің соғысқа кірісуімен жалғасын табуы мүмкін.
- Оңтүстікке бірінші болып шабуыл жасау, американдықтар үшін КСРО-ны әлем алдында қаралаудың таптырмайтын амалы болады.
- Саяси жағынан екі Корея мемлекеттерінің халқы бұл соғысты біріктіру соғысы деп қолдауы мүмкін, бірақ таза әскери жақтан Корея Халық Әскері Оңтүстік Корея әскеріне қарағанда әскери дайындығы төмен.
- Оңтүстік Кореяның қазіргі таңда күшті әскері мен полициясы бар[1].
- 1949 жылдың қыркүйегіне қарай кеңес басшылығы Корея мәселесі жайлы бір жолды таңдау алдында тұрды. Бұл таңдау бейбітшілік пен соғыс арасында болды. 1945 жылдың 24-қыркүйегінде кеңес басшылығы жанындағы елшіге мынандай нұсқаулар жіберді:
- Солтүстіктің оңтүстікке басып кіруін мүмкіндігінше болдырмау, өйткені олай болған жағдайда АҚШ Біріккен Ұлттар Ұйымын желеу етіп, міндетті түрде оңтүстік Корея жағында соғысқа араласады.
- Оңтүстікте партизандық қоғалысты жандандыру; қорғалысқа қатысушылардың санын көбейту. Осы арқылы Оңтүстік Корея басшылығын бейбіт кездесулерге көндіру.
- Бұл нұсқауларда Сталиннің Онджин түбегін басып алуға келісімін бермейтіні айтылды.
- Солтүстік Корея шет елдерде тұратын, әсіресе АҚШ-та, Канада да, Жапонияда тұратын корейлықтар арасында бейбіт қосылуды қолдайтындардың санын көбейту.
- БҰҰ-на бейбіт қосылу бағдарламасын жіберу. Бұл Мәскеудің көзқарасының елші Тункиндікімен бір болғанын байқай аламыз [2].

### **Қосылудың жағымды және кері әсерлеріне ғылыми көзқарас**

Қазіргі кезде бұл жағдайға баға беру өте қиын, сонда да американдықтардың 1950 жылы жедел саясаты осы күндегі АҚШ пен КХДР арасындағы ядролық мәселе туындамас па еді. Бұл теке-тірес мәселе АҚШ пен КХДР арасында 2002 жылы күзде пайда болған еді. Өйткені Пхеньян ядролық бағдарламалары жаңғырта бастадық деген хабарын таратты. Бұған себеп АҚШ-тың КХДР үшін салып беретін атом электр станциясының мерзімін бұзып, АҚШ президенті Буштың Пхеньянға қарсы жүргізіп отырған саясаты ретінде қаралуда. Сонымен қатар, АҚШ әкімшілігі КХДР-ды зұлымдық елдері қатарына қосып та қойды. 2003 жылы 27–29 тамыз аралығында АҚШ пен КХДР өзара қарым–қатынасын реттеуге талпыныс жасады. Оларға арағайындық ролін Қытай атқарды. Кездесу Пекинде болып өтті, бірақ екі ел келісімге келе алмады. АҚШ ядролық бағдарламаны реттеу жөніндегі мәселе екі жақты ғана емес, алты жақты болу керек деген ұстанымды пайдаланып, АҚШ, Қытай, Жапон, Ресей және екі Корея мемлекеттерінің қатысуымен шешпекші де болды. Бірақ келісімге келе алмады. Бұл жоғарыда айтып кеткендей, АҚШ-тың бұл мәселені реттеуде интернационализациялау жолынан таймай отырғандығын көрсетеді [3].

Қазіргі кездегі жағдай 1950 жылғы жағдайдан ерекше. Сонда да Солтүстік Корея әлі де болса АҚШ пен Оңтүстік Корея мемлекеттерімен соғыс жағдайында қалып отыр. 2003 жылдың тамызында өткен бас қосуда КХДР-ның талабы АҚШ-тан шабуыл жасамау және екі ел арасында дипломатиялық қарым–қатынас орнату болды. АҚШ-тың әлем алдында КХДР-дың жасап отырған ядролық мәселеге байланысты жасап отырған әрекетінен жеңіліп қалмауы басқа мәселенің бетін ашады [4].

1990-1992 жылдары Сеул мен Пхеньянда 8 мәрте премьер-министрлер арасында

келіссөздер болып өтті. 1991 жылы 17 қыркүйекте екі ел де бір мезетте БҰҰ-на қабылданды[5].

1991 жылы желтоқсанда Сеул қаласында шабуыл жасамау және бірлесіп жұмыс істеу туралы бейбіт келісімге келді. Бұл келісім 1992 жылы 19 ақпанда күшіне енді [6].

#### **Бірігудің жағымды әсерлері:**

- Жер көлемі мен халық саны артады;
- Халықаралық маңызды мәселе өз шешімін тауып, бейбітшілік орнайды;
- Соғыс қаупі жойылады;
- Ядролық қаруды жою туралы біржақты шешім шығарылады;
- Екі бөлек мемлекетте қалып қойған туған-туыстарға шек қойылу тыйылады;
- Солтүстік Кореяның қатаң диктаторлық режимі күшін азайтады;
- Қиыр Шығыста біртұтас Корея мемлекеті дамуын одан әрі қарқынды жүргізеді;

#### **Бірігудің кері әсерлері:**

- Бірігудің соны шет мемлекеттермен қарым-қатынастарға өз ықпалын тигізуі мүмкін;
- Екі мемлекеттің ұстанып отырған саяси, мәдени ұстанымдары әртүрлі болғандықтан бейімделу кезеңі өтеді;
- Оңтүстік Корея Солтүстік Кореяға қарағанда экономикалық өсуі жоғары болғандықтан, екі елдің бірігуінен кейін халықтың жан басына шаққандағы жылдық үлесі азаяды. Сонымен қатар, Корея әлемдік статистикада бірнеше орынға төменге сырғиды.

Кореяның қазіргі кезде екі бөлек мемлекет болып өмір сүріп келе жатқаны, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. КХДР үкіметі мен Корей Республикасының үкіметтері де Корей түбегіндегі жалғыз заңды үкіметке айналғысы келді. Халықаралық келіссөздер арқылы елді бейбіт біріктіру мүмкін болмағаннан кейін, ары қарай не істеу керек деген мәселелер туды. Ал Корей түбегінен кеңестік және американдық әскердің әкетілуі, екі жақ үшін де мәселені түпкілікті шешуге итермеледі[7].

Бұл бірігу процесі аз күшті талап етпейді. Әлемдік аренада барлығы көз тігіп отырған мәселелердің бірі болғандықтан, әр елдің ұстанып отырған саясаты да әртүрлі. Қиыншылықтардың барлығын жеңіп, біртұтас Корея мемлекеті болу әрбір корей халқының арманы. Бұл мәселе ұзаққа созылған сайын, шешімін табу да қиынға соғады. Өйткені уақыт өткен сайын екі ел өз ұстанымдарын нығайтуды жалғастырып, бірігу мүмкіндігінен алшақтай түсуі мүмкін. Шет мемлекеттер тарапынан қанша соғыс болып, бейбіт ұсыныстар айтылғанымен екі елдің тағдыры тек өздерінің қолында деп саралаймыз [8].

#### **Қорытынды**

Жалпы әлем дамуы сонау заманнан бүгінгі күнге дейін мың түрленіп, басынан бірнеше кезеңдерді өткерді. Әлем дамуы деген түсінік оның мәдени, экономикалық, әлеуметтік және, әрине саяси дамуын қамтитыны белгілі. Бұл үрдіс жекелеген бір елдің ғана өсуін білдірмейді, бүкіл дүниежүзінің өзгерісін көрсетеді[9]. Сондықтан да, осы тұста көрініс табатын бірден-бір мәселе – халықаралық қатынастардың дамуы. Ертеден-ақ көршілес жатқан елдер бір-бірімен тілі, діні, тұрмысы өзге болса да өзара байланыс орнатып, өзара алға жылжуға ықпал жасап отырды. Шындығында, заман ағымы, дүниедегі әр түрлі саяси - экономикалық жағдайлардың өзі әр мемлекеттің жеке-жеке «оқшаулануда» емес, өзара байланыста өмір сүруіне ықпал етеді. Оның бір дәлелі – бүгінгі дүниежүзілік жаһандану үрдісі, интеграция процесі. Қай жағынан болса да АҚШ, Жапония сынды ірі державалармен иық тіресе алатын ҚХР ең алдымен өзімен көршілес жатқан мемлекеттерге үстемдік орнатуға тырысады. Оның осы саяси бағыты бүгінде көздеген бағыттарының бірі – Корей елдері[10]. Мұндағы оңтүстік пен солтүстіктің бірігу мәселесі, ал соңғы кездердегі ең өзекті болып отырған – ядролық қаруды игеру мәселесі, тек Қытайдың ғана емес, барлық әлем назарын Корей елдеріне аударуда. Кореяның өзге бір елдің әскери-стратегиялық плацдармына айналуы, болмаса бірге дамуы, әлде бұрынғысынша екі бөлек жолмен жүретіні әзірге беймәлім нәрсе. Сондықтан да Қытай мен екі Корей елдерінің арасындағы жан-жақты байланысты талдап, оның негізгі сипаттарын, әлемдік саясатқа тигізер ықпалын анықтау мәселенің өзектілігін айқындайды.

Көптеген сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен 1950–1953 жылдары Кореяның оңтүстігі мен солтүстік бөлігінде өзара соғыс болып, бұл солтүстік пен оңтүстіктің түбегейлі бөлініп, екі бөлек даму жолына түсуіне әкелді[11]. Корей елі екіге бөлінген соң, бір-бірімен дұшпандық, жауласушылық жағдайында қалды. Тіпті өзге елдер сынды ел аралық байланыс та орнатудан бас тартты. Әрине, бұл жағдай тек екі Корей елінің шешімімен емес, өзге де соған мүдделі державалардың араласуымен орнағаны белгілі. Осылайша, Солтүстік Корея Кеңес Одағы мен ҚХР-дың “көмегімен” өз бетінше дамыды, ал Оңтүстік Корея АҚШ сынды ұлы державаның ықпалымен жүрді[12].

Кореяның қазіргі кезде екі бөлек мемлекет болып өмір сүріп келе жатқаны, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. КХДР үкіметі мен Корей Республикасының үкіметтері де Корейтүбегіндегі жалғыз заңды үкіметке айналғысы келді. Халықаралық келісөздер арқылы елді бейбіт біріктіру мүмкін болмағаннан кейін, ары қарай не істеу керек деген мәселелер туды. Ал Корей түбегінен кеңестік және американдық әскерлердің әкетілуі, екі жақ үшін де мәселені түпкілікті шешуге итермеледі[13].

Қазіргі таңда, әлемдік саясатта Корея мәселесіне байланысты жаңаша көзқарастар қалыптасып келеді. Корея соғысы кезінде ең алдымен тұрғылықты қарапайым халық өте үлкен зиян шекті. Әлі күнге дейін екі Корея мемлекетіндегі туған–туыстар бір–бірін көре алмауда. Қазіргі таңда, ең алдымен Солтүстік Кореядағы жағдай өте күрделі болып отыр. Оның ең бірінші себебі, АҚШ бастаған батыс елдері Солтүстік Кореяны халықаралық оқшаулықта ұстап отыр. Дәл осы Корея түбегінде АҚШ саясаты қазіргі таңда біртұтас корей мемлекетін құруға атсалысу емес, Корея соғысынан кейінгі аралықта саясатты жүзеге асыруды одан әрі жалғастыру болып отыр.

1954 жылы 18-мамырда сөйлеген сөзінде Үндістан басшысы Дж. Неру «Корея мәселесін саяси және әскери жақтан шешу тығырыққа әкеліп тіреді, сондықтан ол мәселені шешу үшін екі жақ та ең біріншіден уақыт өте келе біртұтас Кореяға бірігетіндігін басты назарда ұстап, екі Корея да бір-біріне тәуелсіз демократиялық өмір сүре беруі керек» деген ұсыныс жасады. Үндістан басшысы Дж. Нерудің сол кездегі айтқан сөзі екі Кореяның осы күнге дейінгі жағдайын көрсеткендей еді[14].

Қазіргі кездегі жағдай 1950 жылғы жағдайдан ерекше. Сонда да Солтүстік Корея әлі де болса АҚШ пен Корея Республикасымен соғыс жағдайында қалып отыр. 2003 жылдың тамызында өткен бас қосуда КХДР-ның талабы АҚШ–тан шабуыл жасамау және екі ел арасында дипломатиялық қарым–қатынас орнату болды. АҚШ–тың әлем алдында КХДР-дың жасап отырған ядролық мәселеге байланысты жасап отырған әрекетінен жеңіліп қалмауы басқа мәселенің бетін ашады[15].

Бұл бірігу процесі аз күшті талап етпейді. Әлемдік аренада барлығы көз тігіп отырған мәселелердің бірі болғандықтан, әр елдің ұстанып отырған саясаты да әртүрлі. Қиыншылықтардың барлығын жеңіп, біртұтас Корея мемлекеті болу әрбір корей халқының арманы. Бұл мәселе ұзаққа созылған сайын, шешімін табу да қиынға соғады. Өйткені уақыт өткен сайын екі ел өз ұстанымдарын нығайтуды жалғастырып, бірігу мүмкіндігінен алшақтай түсуі мүмкін. Шет мемлекеттер тарапынан қанша соғыс болып, бейбіт ұсыныстар айтылғанымен екі елдің тағдыры тек өздерінің қолында деп дәйектейміз.

Екі корей елдерінің бейбіт түрде бірігіп, бірге дамуы, өзгеге есесін жібермей, Қиыр Шығыстаөзіне тиесілі орынға ие болуы бізгеде қолайлы болмақ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. История Кореи (Новое прочтение) / А. В. Торкунов, Корея в огне войны /. - И.: Кучково поле, 2005. - 544 с.
2. Панин, А. Северная Корея. Эпоха Ким Чен Ира на закате / А. Панин, В. Альтов. –М.: Олма-Пресс, 2004. – 315 с.
3. [www.iref.kz/eki-koreyanyi-birigu-m-selesi-zh-ne-onda-yi-yitaydyi-strategiyasyi](http://www.iref.kz/eki-koreyanyi-birigu-m-selesi-zh-ne-onda-yi-yitaydyi-strategiyasyi)
4. [ru.journal-neo.org/.../ob-edinenie-korei-kakie-problemy-stoit-ozhidat-chast-1](http://ru.journal-neo.org/.../ob-edinenie-korei-kakie-problemy-stoit-ozhidat-chast-1)
5. [rikonti-khalsivar.narod.ru/Korea0.htm](http://rikonti-khalsivar.narod.ru/Korea0.htm)



6. Курбанов С.О. История Кореи. С древности до начала XXI века. - М.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2009. - 546 с.
7. История Кореи (Новое прочтение) / А. В. Торкунов [и др.] ; ред. А. В. Торкунов ; - М. : РОССПЭН, 2003. - 430 с
8. Корея в огне войны / И. М. Попов, С. Я. Лавренев, В. Н. Богданов. - -М. : Жуковский, Кучково поле, 2005. - 543 с.
9. Корея : / Сост.: С. В. Волков, Т. М. Симбирцева. - М. : "Муравей-Гайд, 2000. - 495,2 с.
10. Васильев, Л. С. История Востока : учеб. для вузов: В 2 т. / Л.С. Васильев. - М. : Высш. шк., 1998. - 332 с.
11. История войн / Авт.-сост. Н.Н.Головкова. - Ростов н/Д.; М. : Феникс: Зевс, 1997. - 286 с.
12. Вопрос о независимости Кореи. А/RES/112(11) от 14 ноября 1947 г.
13. Вопрос о независимости Кореи. А/RES/195(111) от 12 декабря 1948 г.
14. Вопрос о независимости Кореи. А/RES/293(IV) от 21 октября 1949 г.
15. Декларация- во имя- развития межкорейских отношений, мира и процветания от 4 октября 2007 года Сеульский вестник // <http://vestnik.kr/nk/north-south/3024.html> 18.05.09

УДК 339.9

## **ВЛИЯНИЕ ХАЛЛЮ НА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВА НА ПРИМЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ**

**Шешембекова Мадина Маратовна**

sheshembekovam@gmail.com

Студент 4 курса факультета Международных отношений,  
кафедры Востоковедение ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.М. Азмуханова

Республика Корея, которая в 1950-х годах являлась одной из беднейших стран мира, в 1996 году вошла в число участников Организации Экономического Сотрудничества и Развития, что подтверждало статус Южной Кореи как страны с развитой индустриальной демократией, а на сегодняшний день она является великой индустриально державой и седьмой страной в топе крупнейших мировых экспортеров [1, стр. 63]. Что же послужило двигателем прогресса?

В данной статье бум мультимедийной индустрии Южной Кореи в середине 90-х, эхо которого с новой силой распространяется и по сей день, будет рассматриваться как одна из причин популяризации страны на международном информационном рынке, что в дальнейшем сыграло значительную роль в экономическом развитии и политической жизни государства.

### 1. Халлю: история вопроса

«Азию накрыла волна продукции популярной культуры Южной Кореи. Молодежь в Китае, Сингапуре, Гонконге, Тайване, Японии, так же, как и в Камбодже, Вьетнаме, Филиппинах, Индонезии и Малайзии благоговеют от вида и музыки корейских исполнителей Н.О.Т., S.E.S., Shinhwa, god и JTL.» [2, стр. 31]. Фанаты, исследователи, предприниматели, политические деятели были поражены, взволнованы и горды неожиданным взрывом популярности корейской культуры, изначально малораспространенной, в соседних странах. В особенности ажиотажем вокруг корейской поп-музыки в Китае. Отсюда берет начало история К-рор-а и халлю, такая, какую мы ее знаем сейчас. Большинство людей ошибочно считают «халлю» лишь южнокорейской популярной музыкой и сериалами. Однако это понятие охватывает намного более широкий спектр корейской культуры, который основывается на первичной популярности именно корейской поп-музыки и мильных опер [3, стр. 6].